

- 9 Nord, C. (1991). *Text Analysis in Translation: Theory, Methodology, and Didactic Application of a Model for Translation-Oriented Text Analysis*. Amsterdam-Atlanta: Rodopi. – 250 p. [in English].
- 10 Kirembwe R. et.al (2020). *Translation Quality Scales: A Comprehensive Pilot Analysis for Translation Quality Assessment Constructs Extracted from Translation Models*. Faculty of Major Language Studies (FPBU). Universiti Sains Islam Malaysia (USIM), pp.1-8. [in English].
- 11 Zhumabekova, A.K., Auyelbekova, A.Y. (2021). *Ėilimi diskurs balamalılıđına jeti aspektileri* [Aspects of achieving the equivalence of scientific discourse]. // Bulletin of Toraigrov university. Philology series. – №1, pp. 114-124. [in Kazakh].
- 12 Knyazheva, E.A. (2022). *Struktura i sodержanie kursa Ocenka kachestva perevoda* // (Podgotovka perevodchikov: discipliny po vyboru: kollektivnaja monografija [Structure and content of the course “Translation Quality Assessment” / Training of translators of an elective discipline: collective monograph / edited by. Ed. N.N. Gavrilenko.]. – M.: Flinta, pp. 166-196. [in Russian].
- 13 Buzadzhi, D.M., Gusev, V.V., Lanchikov, V.K. and Psurcev, D.V. (2009). *Novyj vzgljad na klassifikaciju perevodcheskih oshibok* [A new look at the classification of translation errors]. – M.: Vseros. Centr. perevodov. – 120 p. [in Russian].

Received: 28.02.2025

МҒТАР 16.21.51

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp105-118](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp105-118)

Ә.Қ. Жүнісқали¹, Г.О. Сыздыкова¹, А.Ш. Юсупова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²Қазан федералдық университеті, Қазан, 420008, Ресей Федерациясы

ҚАЗАҚ ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ «ҚАСҚЫР» ЭТНОМӘДЕНИ КОННОТАЦИЯСЫ

Мақалада қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» зоонимінің этномәдени коннотациясы қарастырылады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – «қасқыр» зоонимінің қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотациясына тілдік тұрғыда жан-жақты талдау жүргізу.

Зерттеудің өзектілігі қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясының ерекшеліктерін анықтау қажеттілігіне байланысты түсіндіріледі. Мақалада «коннотация» терминінің зерттелу тарихы, анықтамасы берілді, қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» зоонимінің этномәдени ерекшеліктері мен тарихи-тілдік контексті ашылды, ертегілерден нақты мысалдар негізінде сараланды.

Тақырыпты зерттеу барысында тілдік деректерді жинақтау, жүйелеу, баяндау, талдау, салыстыру әдістері қолданылды, нәтижесінде «қасқыр» зоонимінің жағымды және жағымсыз коннотаттық мағыналары анықталды.

Зерттеудің нәтижесі «қасқыр» этномәдени коннотациясының фольклор тілі тұрғысынан зерттелуі қазақ тіл білімінің лингвофольклортануы, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б. жаңа бағыттарының теориялық мәселелерін тереңдете қарастыруға көмектеседі.

Кілт сөздер: коннотация, қасқыр, қиял-ғажайып ертегілер, этномәдени коннотация, зооним.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Эмоция мен бағадан тұратын сөз мағынасын зерттеу ғалымдардың назарын көптен аударып келеді. Зерттеушілер оны эмоциялық, коннотаттық, прагматикалық мағына деп атап жүр.

Коннотаттық мағынаны шетелдік лингвистер В.В. Виноградов, В.Н. Телия, Е.М. Вольф, И.А. Стернин, В.И. Говердовский, Л.С. Войтик, Т.В. Матвеева және т.б. жүйелік-құрылымдық бағытта, В.И. Шаховский, Е.А. Гутман, Ф.А. Литвин, М.И. Черемисина, Т.А. Графова және т.б. функционалдық-семантикалық бағытта, Ш. Балли, И.В. Арнольд, Д.Н. Шмелев, К.А. Долинин және т.б. семантикалық-стистикалық бағытта, Н.Б. Лаврентьева, Ю.Д. Апресян, Н.А. Лукьянова, Г.Н. Складовская және т.б. лексикографиялық бағытта, Р.М. Харе, Ч. Стивенсон, Е.С. Азнаурова, Н.Д. Арутюнова және т.б. семантикалық-прагматикалық бағытта зерттеген.

Тілдің ерекшеліктері халықтың дүниетанымымен тығыз байланысты, тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыс көптеген ғалымдардың мәдени коннотация мен оның құрамдас бөліктері туралы зерттеулерінде айқын көрініс табады. Мәселен, В.И. Говердовский еңбектерінде «коннотативтік ұғымның» психологиялық, лингвистикалық, экстралингвистикалық деңгейлерін анықтап, экспрессивті-бағалау, тарихи және мәдени коннотацияларды бөліп, зерттейді. Мәдени коннотацияны арнайы зерттеген В.Н. Телия коннотацияларды әлемнің ұлттық-мәдени бейнесіне қатысты қарастырады, коннотацияның «ұлттық-мәдени ерекшелігі атаудың ішкі формасында шоғырланғандығын» айтады. Оның ойынша, мәдени коннотацияның қалыптасуы «тілден тыс» жағдайларда – мәдениетте, құндылықтар жүйесінде, әдет-ғұрыптарда, дәстүрлерде және т.б. жүзеге асырылады [1; 13].

Қазақ тіл білімінде коннотация теориялық тұрғыдан арнайы зерттелмеген. Бұл коннотацияны зертеудің өзектілігін және маңыздылығын айқындайды. Дей тұрғанымен, бұл мәселе зерттеулерде лексикалық мағына, екіншілік номинация, лингвопоэтика, лингвостилистика аспектілеріне сәйкес сөз етілген. Мысалы, Б. Әбілқасымов, Э. Сүлейменова, Р. Сыздық, С. Исаев, Д. Әлкебаева, Н. Уәли, М. Оразов, Е. Абақан, Р. Авакова, О. Бүркітов, Б. Момынова, А. Салқынбай, Ғ. Қалиев, Ж. Манкеева, Ғ. Хасанов т.б. еңбектерін атауға болады.

Коннотаттық мағына эмоция мен бағадан тұрады. Денотаттық, сигнификаттық компоненттер кез келген сөздің мағынасында болса, коннотаттық компонент ондай қасиетке ие емес, ол тек жекелеген сөздердің мағынасында болады. Біз өз зерттеуімізде «қасқыр» этномәдени коннотациясын қазақ қиял-ғажайып ертегілері негізінде талдап, зерттеуге талпынамыз.

КІРІСПЕ

Адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды қабылдағанда оның санасында сол зат не құбылыстан эмоция туады және сол зат не құбылысқа деген баға қалыптасады. Адам қоршаған ортаға, айналадағы құбылыстарға деген субъективті көзқарасын, сезімін, бағасын, ұстанымын тіл арқылы жеткізеді. Сезім мен бағасыз мағына не тіл ешқандай толықтық сипатқа ие болмайды. Бұл орайда тіл бірліктерінің адам эмоциясын жеткізудегі экспрессивтік-бағалаушылық қызметінің маңызы зор.

Бұл бағытта этномәдени коннотацияның фольклор тілінің семантикалық кеңістігіндегі құрылымы мен түрлерін анықтау, жүйелеу мәселелері де ғылыми қызығушылық тудырады.

Зерттеудің өзектілігі қазақтың мәдени дүниетанымында ерекше орны бар «қасқыр» зоонимінің этномәдени коннотациясын қазақ қиял-ғажайып ертегілері аясында зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығын анықтау қажеттілігіне байланысты түсіндіріледі. Осыған орай зерттеу тақырыбы қазақ тіл білімінің лингвофольклортану, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б.

жаңа бағыттарының теориялық мәселелерін тереңдете қарастыруда өзектілігі жоғары деп санаймыз.

Мақаланың мақсаты – «қасқыр» зоонимінің қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотациясының ерекшеліктерін анықтап, тілдік тұрғыда жан-жақты талдау жүргізу.

Мақаланың мақсатына жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделді:

– эмоция мен бағадан тұратын коннотацияның теориялық негіздерін қарастырып, зерттелу тарихын зерделеу;

– қазақ халқының дүниетанымындағы, этникалық мәдениетіндегі, тарихындағы «қасқыр» зоонимінің орнын, ерекшелігін анықтау;

– «қасқыр» зоонимінің қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотациясын тілдік мысалдар арқылы саралап, лексикологиялық, этимологиялық, этнографиялық талдаулар жүргізу.

Зерттеу нысаны ретінде «қасқыр» этномәдени коннотациясы бар қазақ қиял-ғажайып ертегілері алынды.

Зерттеу нәтижесінде қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясы тілдік тұрғыдан жан-жақты талданып, ерекшелігі анықталады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясын зерттеу барысында Уильям Оккама, Джон Стюарт Милль, Леонард Блумфилд, О. Быкова және т.б. шетелдік ғалымдардың коннотация терминінің зерттелу тарихы мен дамуына қатысты еңбектеріне шолу жасалынды, сондай-ақ «Пор-Рояль грамматикасы», Ғ. Қалиев, А. Салқынбай, Е. Абақан және т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі коннотация туралы тұжырымдар сараланды.

«Қасқыр» сөзінің шығу тегі, мағынасы, этимологиясы туралы құнды пікірлер жазған П. Будберг, Л.Н. Гумилев, А.М. Щербак, Р.Г. Ахметьянов, О. Сүлейменов және т.б. еңбектері зерделенді.

Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясын зерттеу үшін лингвистика, этнография, мәдениеттану, әдебиеттану, когнитология, тарих салаларының деректері қолданылып, «қасқыр» сөзінің коннотативті мағынасының тұжырымдамасы тереңірек зерттеліп, толықтырылды.

«Қасқыр» зоонимінің семантикасы мен коннотациясын зерттеу үшін лингвистикалық түсіндірме, этимологиялық, этнографиялық сөздіктер пайдаланылды.

Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» зоонимінің этномәдени коннотациясын зерттеу барысында тілдік деректерді жинақтау, сипаттау, жүйелеу, талдау, баяндау, салыстыру әдістері қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде «Сырттандар», «Қасқыр мен жігіт», «Қасқырдың қамқорлығы», «Сырттанның ажалы», «Қасқыр мен егінші», «Қасқыр неге ұлиды?», «Түлкі мен қасқыр», «Достық», «Керқұла атты Кендебай», «Бұқа мінген көкжал», «Қасқыр және жегі лақ» және т.б. қиял-ғажайып ертегілеріндегі тілдік деректер пайдаланылып, жан-жақты талданды.

НӘТИЖЕЛЕР

Тарихқа көз жүгіртсек, «коннотация» ұғымы (*лат. connotare*) шамамен XII ғасырда схоластикалық логикада пайда болған. «Коннотация» ұғымын философтар сөздердің мағынасы туралы философиялық-теологиялық, логикалық талқылауларда жиі қолданған.

«Коннотация» термині XIV ғасырда Парижде жарық көрген ағылшын философы Уильям Оккаманың «Сумма логики» / «*Somma logicae*» (1323 ж.) трактатында кездеседі. У. Оккама «абсолютті» және «коннотативті» атаулардың ара жігін ашады. Оның пікірінше,

«абсолютті атаулар» – бастапқы мағына және ол басқа мағыналардан тәуелсіз болады, яғни абсолютті атау заттың өзін білдіреді. Философ абсолютті атауға мысал ретінде «адам, тірі ағза, ешкі, тас, тәттілік, қараңғылық» сөздерін алады.

У. Оккама «коннотативті атаулар» термині әртүрлі немесе бірдей мағынаны білдіреді деп, оған жалқы есімдерді, түрлі қарым-қатынастарды сипаттайтын атауларды, жанның қабілеттерін көрсететін сөздерді жатқызады. «Коннотативті атаулар» терминін түсіндіру үшін ол «әке = ұлы немесе қызы бар адам» деген мысалды келтіреді [2, 25].

«Коннотация» туралы XVII ғасырдың екінші жартысында Францияда жарық көрген «Пор-Рояль грамматикасында» (*фр. Grammaire generale et raisonnee de Port-Royal*) (1660 ж.) жазылған. Еңбекте «коннотация» термині арнайы жеке зерттелмеген, алайда сөздің мағынасы, оған белгілі бір контексте қосымша эмоционалдық реңк үстемеленуі, эмоционалдық және контекст арасындағы күрделі өзара қарым-қатынас арқылы түсіндіріледі, дәлірек айтқанда, атауды «субстанция» (күй) мен «акциденция» (қасиет) арасындағы айырмашылықты көрсету үшін қолданады [3, 236].

XIX ғасырда ағылшын философы Джон Стюарт Милль «Система логики силлогистической и индуктивной: изложение принципов доказательства в связи с методами научного исследования» (1843 ж.) еңбегінде коннотацияға қатысты маңызды тұжырымдар жасайды. Философтың пікірінше, денотат – белгінің экстенционалдық мағынасы (нақты нысандар жиынтығы), коннотация – белгінің интенционалдық мағынасы (нысанның сипаттамалары мен қасиеттері). Мұндағы белгі – нысан, референт, мән.

Джон Стюарт Милль егер атау коннотацияланбаса, онда ол тек затты немесе тек қана белгіні білдіреді, ал егер атау коннотацияланса, онда ол бір уақытта затты және жанама түрде сол заттың белгісін көрсетеді деп есептейді. «Лондон, Джон, Англия» атаулары тек заттарды, «ақтық, ұзындық, ізгілік» тек белгілерді білдіреді деп, ол бұл сөздердің ешқайсысында коннотация жоқ екендігін жазады. Философ «ақ, ұзын, ізгілікті» деген сөздерді коннотациялық атауларға жатқызып, «ақ» сөзі барлық ақ заттарды: қар, қағаз, теңіз көбігі және т.б. білдіретіндігін және жанама түрде ақ түстің белгісін көрсететіндігін алға тартады [4, 37].

XIX ғасырдың аяғында америкалық лингвист Леонард Блумфилд «коннотация» терминін тіл білімінде сөйлеудің прагматикалық аспектісімен байланыстырып, оны нысанның маңызды қасиеттері мен белгілері туралы қосымша ақпарат беретін элемент дейді. Л. Блумфилд – санаға тікелей қатысты таза семантикалық коннотацияларды анықтаған алғашқы ғалым. Ол коннотация сөйлеушінің санасы, әлеуметтік, аймақтық, мәдени факторлармен байланысты және белгілі бір қарым-қатынас жағдайында пайда болады деп есептейді [5, 161].

Ғ. Қалиевтың «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: «Коннотация (лат. *connotatio, connato* – қосымша мағынаға ие) – тіл бірлігінің эмоциялық, стилистикалық реңі. Кең мағынада коннотация – тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық (денотативті) мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті рең беретін кез келген түрі. Тар мағынада коннотация – тіл бірлігі мағынасының бір бөлігі, сол мағынаның ассоциативті-бейнелік ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағына, яғни троп не сөйлеу фигурасына тән мағына. Мысалы, *азамат* сөзінің *кәмелетке жеткен ер адам* мағынасы денотативтік (негізгі) мағына болса, *адамгершілік қасиеті жоғары, саналы адам* деген мағынасы коннотативтік көтеріңкі мағынасы болып табылады» [6, 197].

А. Салқынбай мен Е. Абақан «Лингвистикалық түсіндірме сөздігінде» коннотация терминіне келесі анықтама береді: «Коннотация (лат. *connotatio, connoto* – қосымша мағына бар) – тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық реңі. Кең мағынада, коннотация – тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық (денотативті) мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті сапа беретін кез келген бөлігі. Коннотация – сөйлеушінің эмпирикалық (тәжірибелік) тарихи-мәдени, танымдық біліміне, олардың сөз болып отырған нәрсені ұнатуы не ұнатпауына (бағалауына), стильдік деңгейге, тіл қызметінің саласына, олардың әлеуметтік қатынасына және т.б. байланысты болатын құбылыс. Тар мағынада – тіл

бірлігі мағынасының бөлігі, сол мағынаның ассоциативті-образдық ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағынасы, яғни троп не сөйлеу фигурасы. Коннотацияның субъективтілігін бір сөздің қарама-қарсы мағынада қолдануынан байқауға болады. XIX ғ. аяғынан бастап коннотация термині эмоциялық бояуы бар сөздерге байланысты қолданылады (О. Эрдман, Л. Блумфилд)» [7, 109].

Белгілі бір этникалық топтың немесе халықтың дүниетанымына, тарихына, мәдениетіне, салтына, құндылықтарына, дәстүрлеріне негізделген коннотацияның түрі – этноконнотация.

О. Быкованың пікірінше, этноконнотация мәдени коннотацияның ерекше түрі, ол коммуниканттың санасында тіл бірлігінің белгілі бір этномәдени кеңістікке қатыстылығын білдіретін этноконнотаттың гетерохронды және гетерофункционалды белгілерін қамтиды [1, 14]. Яғни сөздердің этномәдени коннотациясы арқылы ұлттың мәдениеті мен бірегейлігі, халықтың дүниетанымы, салты, тарихы көрініс табады.

Қазіргі ғылыми парадигма лингвомәдениеттану, лингвофольклористика, этнолингвистика және когнитивтік лингвистика сияқты салаларға баса назар аударуда. Лингвофольклористика – фольклорды, оның тілдік ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің саласы, ол фольклорлық шығармалардың тілдік ерекшеліктерін талдап, халықтың мәдениеті, тарихы, өмір салты, дүниетанымымен тығыз байланысты ашады. Сонымен қатар тіл мен фольклордың өзара қарым-қатынасын зерттеуге және халық ауыз әдебиеті үлгілерін талдауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының дүниетанымында, мәдениетінде, фольклорында, тұрмыс-тіршілігінде қасқыр зоонимі ерекше орын алады.

«Қасқыр» сөзінің шығу тегі туралы ғалымдардың бірнеше пікірі бар. Р.Г. Ахметьяновтың пікірінше, «қашқар» (қасқыр) «қарыш» (тараша – ашулы) сөзі мен «құрт» (көне түркі тіліндегі – қасқыр) сөзінің бірігіп, «ашулы қасқыр» мағынасын береді [8, 96].

А.М. Щербак «қашқыр» сөзіне этимологиялық талдау жасай отырып, *қарыш* + *-қыр* = *қарышқыр* / *қашқыр*, мұндағы «қарыш» сөзі «азу тісті көрсету» деген мағынаны беретін ұйғыр сөзі (карши), *-қыр*, *-ғур*, *-ғыр* есімшенің көне жұрнақтары деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар «қасқыр» сөзінің негізі «қаскөй» етістігі деген пікірді де ұсынады.

Зерттеу нысанына алынған «қасқыр» зоонимінің шығу тегі туралы О. Сүлейменовтың «Атамзаманғы түркілер» (ежелгі түркі тілдері мен жазуының пайда болуы хақында) кітабының «Көкбөрілер ғасыры (эпостар)» бөлімінде түркілер қасқырды қалай дәріптегенін, кейбір түркілер өздерін иттен, басқалары қасқырдан тарататындығын жазады.

О. Сүлейменов: «... ең алғашқы атаулардың бірі жалпы түркі *ul* – «вой» деген етістік-есімнен шыққан тәрізді. Оғыз-қарлұқ нұсқасы: *ulyk* – 1) «воющий», 2) «великий» (албан тілінде *ulk* – «волк» сақталған). Бұл сөзді түркілер термин ретінде қазір тек екінші мағынасында және жағдайға қарай бірінші мағынасында қолданады. Қыпшақ тілдерінде *uly* – «великий» (қазақша) түрінде қабылданған. Қыпшақ тілінде жасалған сөз *ulha*, *ulpa*, *ulma* болуға тиіс», – деп, славян тілдеріндегі «*волк*», латын тіліндегі «*wulpa*», германдық «*wolp* (*wolf*)» сөздерінің шығу түбі бір, яғни қыпшақ тілінен екендігін дәлелдейді [9, 81].

Қазақ халқы қасқырды «бөрі», «көк бөрі», «көкжал» дейді, кейде «ұлыма», «ит-құс», «арлан», «серек құлақ», «қасқа бас», «абадан», «теріс азу», «қанды ауыз», «абалақ», «сырттан», «түз тағысы» деген эвфемистік атаулармен атаған.

Қасқырды жүнінің түсіне қарай сұр қасқыр, ақ қасқыр, қызыл қасқыр, көк қасқыр, қара қасқыр, сары қасқыр деп ажыратады.

Қасқыр түркілер дүниетанымында, мәдениетінде ерекше сакралды сипатқа ие, оны жартастардағы кескіндемелер, петроглифтер мен тарихи жәдігерлер дәлелдей алады. Қазақ жеріндегі Таңбалы, Құлжабасы, Сауыскандық, Аққайнар жартастарында «қасқыр адам» бейнелері кездеседі.

Түркі халықтары Көкбөріні өзінің ата-тегі деп санайды, ежелгі түркілердің байрағында қасқырдың басы бейнеленген. Тіпті еліміздің түкпір-түкпірінен табылған ерте замандарда жасалған қасқыр басты қамшы, пышақ, қанжар, найза, қылыш, қасқыр бейнесі суреттелген

киім-кешектер мен қыш ыдыстардағы суреттер, ат әбзелдері, әшекейлік бұйымдар жетерлік. Бұл сол замандағы адамдардың қасқырды ерекше құрмет тұтқанын, оған тотемдік рөл беріп, діни наным-сенімін, дүниетанымын, мәдениетін көрсетеді.

«Қазақтарда осы хайуанның киелі саналуы ғұндар мен ежелгі түркілерден бастау алады. Ежелгі түркілердің этногониялық генеологиясы бойынша бөрінің қаншығы алғашқы түркілердің анасы болған. Сондықтан да олар бөрі бейнесін байрағына рәміз етіп, алтын бөрі басты ту көтеріп, *көкбөрі* деп ұран шақырған.

571-582 жылдар аралығында билік құрған, алғашқы түрік қағандарының бірі – Таспар қаған (Құтлық) жасатқан ғұрыптық кешендегі бітіктаста «бөрі» (ашина, ашиде) бейнесі бедерленген. Зерттеушілер осы бітіктастың жоғары тұсындағы қасқыр бейнесін «Ашина (қасқыр)» туралы аңызбен байланыстырады. Қағанды, оның ордасын, қағандық биліктің жоғары лауазымды билік иелерін: йабғұ, шад, тархан, бұйрық, тегіндерді күні-түні қорғаушы, күзетуші әскери жасақтарды да «бөрі» деп атаған. Көк бөрі «Тәңірдің қасқыры» деген ұғымды білдіреді. Осы дәстүр кейінгі кезге дейін жалғасып, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, жазба деректерде, жыраулар поэзиясында молынан көрініс тапқан. Ертегі, аңыз-әпсаналарда қиналған, қысылып дағдарған негізгі кейіпкерге тосыннан ұшырасқан бөрі көмекке келіп, жол көрсетіп, бастап алып жүреді. Қапыда атынан айырылған басты қаһарманды барар жеріне жеткізеді. Туғандарынан жапа көрген немесе қаза тапқан батырды тірілтіп, кек алуына көмек береді. Батыр туар әйел қасқырдың жүрегіне жерік болады. ... Қоралы қойға қасқыр шапса, «көк бөрінің аузы тиді, көк Тәңірі қолдайды, мал басы өседі» деп ырым етеді» [10, 535].

Л.Н. Гумилев Ашина атауы моңғол тілінен «шоно, чино», яғни «қасқыр» деп аударылатын сөзіне Қытай тілінде жоғары мәртебені білдіретін «а-» префиксінің жалғануы нәтижесінде пайда болғанын, ал П. Будберг моңғол тіліндегі «ар чинао (чинга)» —«он қасқыр» деп аударылатынын жазады.

Көк бөрі бейнесі түркі халықтарында маңызды орын алады. Анадолы түріктері ержүрек, батыр адамды «бөрі тектес» дейді, ал әзірбайжандар «қасқырдың жүрегін жұтқан», «бөрі баласы бөрі болады» деп дәріптейді.

«Қасқыр итке ұқсас жыртқыш түз аңы. Далалы аймақтарда, орманды жерлерде, таулы өңірлерде де мекендейді. Топтасып, үйірімен тіршілік етеді... Дәстүрлі ортада қасқыр бөрі деп аталып, тотем болып аңыздарға арқау болған. Бөрі – қасқырдың эвфемистік атауы. Бұл көк тәңіріне табынған түркі халықтарының барлығында дерлік кездеседі. Өйткені түркі халықтары өздерін Көк бөрінің ұрпағы санаған. Аңыздардың барлығының дерлік мазмұны қасқырдың адамға қамқор болғандығын көрсетеді. Үйсін тайпасы мен қасқырдың арасындағы қатынасты баяндайтын аңыз қытай жазбаларында сақталған. Сондай-ақ, қазақ фольклорында, әсіресе қазақтың ертегілерінде басқа хайуанаттарға қарағанда қасқыр көбірек кездесіп, жан-жақты сипатталады. Ертекттерде қасқырды көбіне жауыздық пен қатыгездіктің образы ретінде береді. Ал кейбір ертегілерде қасқырды ақымақ, ашқарақ етіп көрсетеді» [11, 503].

ТАЛҚЫЛАУ

Қиял-ғажайып ертегілерінде қасқыр бейнесі жиі кездеседі. Қасқырдың ертегілерде екі бейнесі бар: бірі – адамға дос, қамқор жағымды бейне, екіншісі – адамға қас жағымсыз бейне. Осыған байланысты «қасқыр» сөзінің оң және теріс коннотациясы қатар жүреді.

Қиял-ғажайып ертегілерінің ең көне түрлерінде қасқыр бейнесін суреттеуде мифтік, тотемдік, діни-наным түсінігі басым. Бұл қазақ халқының әр жануардың киесі, құдіреті, сиқырлы сыры бар деген дүниетанымынан туындайды. Бұндай ертегілерге «Қасқыр мен жігіт», «Қасқырдың қамқорлығы», «Сырттандар», «Сырттанның ажалы» және т.б. жатқызуға болады.

«Сырттандар» ертегісінде қасқырды: «Бір уақытта бала артына бұрылып қараса, айтқандай, түсінде көрген қара қасқыр тілі сала құлаш шығып кеткен, сілекейі шұбырып,

аузын арандай ашып, құлаштап ұрып келеді екен. Мұны көргенде, жан алатын әзірейіл артынан қуып жеткендей сезілді», «Екі көзі қып-қызыл от сияқты, үлкендігі тайыншадай қара қасқыр екен, арс-арс етіп өршеленіп, аузын салғалы ұмтылып қояды», «Қара қасқыр жалын тікірейтіп, тұмсығын созып, көзін қадап, ырылдағанда, ешбір жүрек тоқтатып, шыдап тұрар емес», «Сені қуған қара қасқыр адамға жерік еді. Ол қасқырдың сырттаны еді», – деп сипаттайды. Үзінділерден қасқырдың адамға өш, қаскөй, қорқыныш пен зұлымдықтың жағымсыз бейнесі екенін байқауға болады.

Сонымен қатар ертегідегі: «Қара ауыз ит қасқырды өлтірген болса, ит атаулы қасқырға қожа болатын еді. Енді иттің ілуде біреуі-ақ қасқыр алатын болады. Әрине, қасқырдың да итті алатыны санаулы болды. Егер қара қасқыр сені жеген күнде, қасқыр атаулы адамға қожа болатын еді. Оны енді мен өлтірдім, енді адам қасқырға қожа болады», – деген сырттан жігіттің сөзі қасқырдың ерекше қасиеті, тағылығы бар екенін көрсетеді. Мұны қазақ тіліндегі «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар» деген тілдік бірлік дәлелдейді.

Ертегідегі сырттан сөзінің мағынасын түсіндірме сөздіктерде: «Сырттан – зат. 1. Тегі жақсы, қырағы, алғыр ит, қасқыр. 2. Ауыс. Күшті, мықты, қайратты адам», – деп түсіндіреді [12, 556]. Алайда «Сырттандар» ертегісінде «сырттан» сөзі тек қасқырға, итке, адамға ғана емес, сонымен қатар жылқыға қатысты да қолданылған: «Саған жерік болған қара қасқыр әлі кеткен жоқ, мына төбенің басында сені күтіп жатыр. Ол сені жемей тоқтамайды, сенің осында екеніңді біледі, бірақ кербестінің, қара ауыздың, менің осында екенімді біліп, үш сырттанның үстіне батып келе алмайды». Мұндағы кербесті деген – жылқы, қара ауыз деген – ит. Бір ертегіде қасқырдың сырттаны, иттің сырттаны, жылқының сырттаны, жігіттің сырттаны кездесуі – өте сирек құбылыс. «Сырттан» сөзі қазақ қоғамында, мәдениетінде жағымды коннотацияға ие.

«Қасқыр мен жігіт» қиял-ғажайып ертегісінде қасқыр адамша сөйлейді, ақыл айтады, тамақ дайындап жейді, төсек салып ұйықтайды. Ол – күндіз қасқыр, түнде сұлу қызға айналатын тылсым күші бар пері: «... ақ қаншық қасқыр кебінін шешіп тастап, бір сұлу қыз болды», «Күндіз – қасқыр, түнде – қараңғы үйді жарық қылатын сұлу келіншек болады», «Жігіттің әуелгі алғаны қасқырдың қызы емес, перінің қызы екен».

Қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілерінде әртүрлі жануарлардың, оның ішінде қасқыр кейпіне ене алатын мифтік бейне пері жиі кездеседі.

Пері бейнесі тәжік, ауған, иран, парсылардың мифологиясында да бар, онда жақсы ниетті перілер құс, уы жоқ ақ немесе сары жылан кейпінде, ал жаман ниетті перілер улы сұр немесе қара жылан, жолбарыс, қасқыр сияқты жыртқыш аң бейнесінде болады. Алайда қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде қасқыр кейпіндегі пері – адамға көмектесетін қамқор, жағымды коннотацияға ие кейіпкер, бұл қазақ халқының қасқырды киелі, тотемдік аң санауымен байланысты.

Сөздердің этномәдени коннотациясы арқылы ұлттың мәдениеті мен бірегейлігі, халықтың өмір салты, дүниетанымы, дәстүрлері мен тарихы көрініс табады. «Қасқыр мен жігіт» қиял-ғажайып ертегісінде қасқыр жігітті үңгіріне шақырып, ерекше құрметпен қарсы алуы қазақ халқының қонақ күту салтын, ас ұсынуы қазақ этномәдениетін, рухани байлығын көрсетеді: «Үйден бір қаншық қасқыр шығып, баланың шылбырына жабысып, атын байлайды. Атын байлап, үңгірге алып кіреді», «Қасындағы қаншық қасқыр баланы ертіп алып келіп, арсалақтап бір оңаша бөлмеге әкеп кіргізді. Түрлі тамақ дайын болды», «Күн батысымен әлгі қаншық қасқыр төсек салып, жігітке шымылдық құрып, оңаша тастайды». Бұл үзінділердегі келген қонақтың алдынан шығып, атының шылбырын байлау, түрлі тамақтар беру, төсек салып, шымылдық құру – қазақ этномәдениетінің коннотациясы жағымды көріністері.

«Қасқырдың қамқорлығы» ертегісінде қасқыр Сақты есімді жігіттің жылқысын жеп қояды, кейін өз қателігін түсініп, оған көмектесуге бел буады: «... Сақтыға манағы қасқыр қайтып келіп, адамша сөйлеп, жөн сұрайды. Сонда Қасқыр тұрып: – Мен саған обал қылдым, алыс сапарға бара жатқаныңды білмедім. Енді сен менің арқама мін, адастырмай керегіңді тауып берейін», – дейді. Мұндағы обал сөзі: «араб. зат. 1. Қоршаған ортаға келтірілген зиян,

жанды-жансызға жасалған жамандық, жәбір-жапа қиянат. 2. діни. Мұсылман дініндегі Алла тағаланың жаратқан жанды-жансыз дүниесіне жасалған қиянатты білдіретін сауап категориясының қарама-қарсы ұғымдар жиынтығы» [13, 601].

Қазақ тілінде этномәдени коннотациясы бар, мағынасы терең, басқа тілге тікелей аударылмайтын, контекске байланысты түсіндірілетін сөздердің бірі – обал сөзі. Нан жерге түссе, сүт төгілсе, жақсы адамға қастандық жасалса, қарт адамға немесе балаға қамқорлық көрсетілмесе, табиғатқа зиян келтірсе, обал болады. Бұл – дала философиясы, қазақ халқының мәдениеті, дүниетанымы.

Обалына қалу – қарғысқа парапар өте ауыр әрекеттердің бірі, оған жетімге қиянат жасау, жазықсыз жала жабу, арамдық жасау, біреудің мүлкін тартып алу, ұрлық, үй жануарларына су-азық бермеу сияқты іс-әрекеттер жатады. Осы түсінік «Қасқырдың қамқорлығы» қиял-ғажайып ертегісіне арқау болады, жігіттің обалына қалмау үшін қасқыр бар ақылын, күш-жігерін салып көмектеседі.

Бұл ертегіде де қасқыр кез келген жанды затқа айнала алатын тылсым күшке ие: «Қасқыр Сақтыға: – Сен мені қыз етіп алып бар, мен қазір қыз болайын», – деп қызға, «Сонан Сақты ат болған Қасқырды апарып тапсырып, өзі құсты алып, ғашығының жанына келдеді», – деген үзінділер қасқырдың атқа айнала алатынын дәлелдейді. «Қасқырдың қамқорлығы» ертегісіндегі қасқыр бейнесі сөйлеу қабілеті бар, өте ақылды, жігітке бағыт-бағдар беруші, қамқор аң ретінде суреттеліп, жағымды коннотацияға ие.

«Астындағы аты болдырып, не істерін білмей тұрғанда, қасына таныс Қасқыры жетіп келеді. Сақты қасқырға иіліп сәлемін береді», – деген үзіндідегі Сақтының қасқырға иіліп сәлем беруі – қазақ халқының қасқырды аса құрметтеуі, этномәдениеті мен әдебі, қасқырдың қадір-қасиетін мойындау белгісі.

Ертегіде *бәйтерек*, *алтын қанатты құс*, *жалы күміс*, *құйрығы алтын ат*, *сандық*, *алтын құстың ұясы* сияқты этномәдени коннотациялар бар. Мысалы, «бәйтерек» сөзі қазақ этномәдениетінде терең мағынаға ие. Бәйтерек – өмір мен өлім, аспан мен жер, әлемнің өткені мен болашағы символы.

«Бәйтерек – ежелгі таным бойынша тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Мұндай ағаш үлгісі дәстүрлі қауымда мықан ағашы, мырзатерек, әулие ағаш, сетер тал делініп, пішіні мен мәніне қарай әртүрлі аталған. Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, бәй «үлкен» деген сөз, «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі (бәйбіше, бәйшешек), үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде – дарак) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Демек, бәйтерек екі сөздің бірігуінен жасалып «зәулім ағаш» дегенді танытады. Бәйтерек туралы ұғым-түсініктер халық мифологиясында ерте заманнан бар. ... Көнеден келе жатқан қазақ мифологиясында бәйтерек – күллі ғалам бейнесі, ол жерастынан өрлеп, жер үстін көктей өтіп, аспанға тіреледі. ... «бәйтерек» сөзі қосымша астарлы мағынаға ие. Бәйтерек атауына байланысты тілімізде қолданылатын сөз орамдарынан оның бірнеше мәнде: кәдімгі зәулім ағаш; әлем ағашы; үшіншісі – мықты, зор, күшті мағынасында; төртіншісі, тірек, сүйеніш, қорған, пана мәнінде ұғынылатынын байқаймыз» [10, 452].

Қиял-ғажайып ертегілерінде кездесетін «бәйтерек» сөзінің этномәдени коннотациясы адамның табиғатпен үйлесімділігі, өмір мен өлім айналымдары, жоғарғы және төменгі әлем, аспан мен жердің байланысын білдіреді.

Қиял-ғажайып ертегілерінде қасқыр «бөрі», «көкжал» атауларымен де кездеседі. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде: «Күндерде бір күн Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай *көкжал бөрі* бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен», «Бұқа мінген көкжал» ертегісінде: «Бір күні, таң алдында, апаннан бұқпантайлана шыққан *көкжал* кісі бойы өскен қамыс пен қалың тоғайды жамыла, қара ойды бойлай жортып, бір ауылдың маңына келіпті».

Көкжал, бөрі – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында айрықша этномәдени коннотацияға ие қасқырдың эвфемистік атаулары. Көкжал, бөрі деп қазақ дүниетанымында

өзгелерден ерекше ірі денелі, үйір бастайтын, ешкімнен қорықпайтын өжет қасқырды атаған. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында: «Ел арасында «мықты да айбарлы қасқырдың желкесінен жонына дейін созылған жалы болады, сондықтан оны көкжал қасқыр деп атайды» деген түсінік бар. Сонымен қатар жылқыны жығып жеп, қойды арқалап әкететін әккі мықты бөріні қазақта «көк жалды бөрі» деп айтудан көкжал бөрі және көкжал деген атау қалыптасқан деген пікірлер де кездеседі. Өйткені қазақта жал, жалдылық мықтылықтың, күштіліктің, белділіктің белгісі болып саналады (жалды айғыр, жалбас ат).

Көкжал айбындылық, батылдық, өжеттік, өктемдік және кейде озбырлық сияқты қасиеттерді білдіретін ұғым ретінде қалыптасқан. Осыған сәйкес қазақта батырлардың ішіндегі өзгеше бітімді, белдісін көкжал деп атау кездеседі. Дәстүрлі түсінікте әрі айлакерлік пен қайраттылықтың символына айналған бөрінің арланына теңеу ер азаматтарға да қатысты айтылған. Батырлардың ерені тотемге айналған бөріден қуат алады және оның белгісі ретінде арланның жалы тәрізді белгі болады деген сеніммен байланысты. Ертеде қол бастаған батырлардың арасынан асқан айлакер, айбарлы, әрі ерен жүректісіне көкжал деген лақап ат қосарланып айтылды. Мәселен, XVIII ғ. қалмақтарға қарсы күресте аты шыққан Барақ сұлтанды ел арасында «көкжал Барақ» деп атаған. Ел арасында Бөгенбай батырдың «желкесінен төмен созылған қара жалы болыпты» деген аңыз да сақталып қалған. Ондай жалды бөгдеге көрсетсе, күші қайтатындықтан ешкімге көрсетпеген екен деседі. Бұл, әрине, аңыз. Бірақ аңыздың өзі Бөгенбай батырдың жаугершілік замандағы ерен ерліктерін, жаужүрек батырлығын, алапат қайратын бүкіл ел-жұрт болып мойындағанын, һәм шексіз құрметтегенінің белгісі болып табылады. Сол сияқты жауға атойлап шабатын ерлерді көкжалдың ерені, абадан деп атағандығы жыраулар поэзиясында кездеседі», – деген анықтама берілген [11, 174].

Көкжал сөзінің этномәдени коннотациясы қасқырға да, адамға да байланысты күштілікті, батырлықты, ержүректілікті, топ бастай алатын қайсар мінезді білдіреді.

Алайда кейбір ертегілерде «көкжал» сөзі контекстке қарай қаталдық, қатігездік, өктемдік, озбырлық сияқты жағымсыз коннотацияларды да иеленеді. Мысалы, «Достық» қиял-ғажайып ертегісінде: «Көк құс: – Сені жейтұғын көкжал бөрі менің ағам еді, ол баяғыда менің қанат, құйрығымды жұлып, өлсін деп, елсіз құла түзге тастап кетіп еді. Сен мені тауып алып, он бес күн бағып күшіме келтіріп, қанат-құйрығымды жетілдірдің, достық еттің. Бірақ әзәзіл ағам арамызға қыстырылып, сені жейтін болғанын білдім. Сондықтан сені жегізбей алып қаштым. Бағанағы мылтық атқан мен едім, онда сені жейтін ағамды аттым. Сендей досым үшін ағамды өлтірдім», – деген үзіндіде көкжал бөріні әзәзілге теңеп, оның жауыздығын айтады.

Қазақ фольклорында қасқыр бейнесінің теріс коннотациясы да жиі кездеседі: аш, ақымақ, аңқау, қатігез, жауыз, зұлым күш иесі.

Аш қасқыр ертегілердің сюжетінде жиі кездеседі. Мысалы, «Сырттанның ажалы» қиял-ғажайып ертегісінде: «Бұрында бір жолаушы жол жүріп келе жатып, бір үлкен далаға түсіп келе жатса, күн ауып бесін шамасы болғанда қасқырдың сырттаны ере бастайды. Күн кеш болып намаздыгер болғанда әлгі қасқырдың сырттаны бір ұлып жіберген екен елу шақты қасқыр жиылып қалады. Әлгі жерде ашуына шыдай алмай келген қасқырлар қуып келісімен жолаушының атын жеп қояды», «Аш қасқырдың дәмесі» ертегісінде: «Неше күннен бері қанды аузына қара шыбын да ілінбеген бір қасқыр ауылды торып, қораға жақын келіпті», «Аш қасқырдың арманы» ертегісінде: «Қасқырдың қарны шұрылдайды. Тағы да жортуылға шығады», «Бұл кезде қасқырдың іші бұрынғыдан бетер ұлып сала береді. Аш бөрі бетегеден биік, жусаннан аласа болып, жер бауырлап қойға жақындай береді, жақындай береді», – деген жолдар бар.

Жануарлар әлеміндегі басқа аңдарға қарағанда қасқыр өзінің жауларына, қарсыластарына аса қатігездігімен ерекшеленеді.

«Қасқыр неге ұлиды?» ертегісінде қасқыр туралы: «Күндердің бір күнінде ақсиған тісі бар, адам қорқар түсі бар аң келіп, кедейдің екі ешкісін алып кетеді. – Өзі барып тұрған

қаскүнем екен, қырды да кетті, – дейді Халық күйініп кемпірі мен баласына. – Ол бізге қас, ешкілерді қырды, демек, ол қасқыр ғой, – деп қалады сонда бала. Содан бастап қасқыр қасқыр атанған екен», – деп қорқынышты, қаскүнем, қас деген сөздермен суреттейді. Ертегіде қасқырға байланысты «ақсиган тісі бар», «адам қорқар түсі бар», «қаскүнем», «қас», «жауыз», «дұшпан», «қомағай» деген жағымсыз коннотацияға ие тілдік бірліктер қолданылған. Сонымен қатар ертегіде қасқыр атауының шығу тегі көрсетілген: қас – жау, дұшпан дегенді білдіретін зат есімге қыру, яғни жою, құрту дегенді білдіретін етістіктің жалғануы арқылы қасқыр атауы пайда болды.

Кейбір ертегілерде қасқыр аңқау, ақымақ, айла-кулықтың құрбаны болып суреттеледі. Мысалы, «Қасқыр мен егінші», «Түлкі мен қасқыр» ертегілерінде қасқыр түлкіге алданып қалады. Бұл ертегілер көне замандарда емес, бертін келе пайда болғандығымен байланыстыруға болады. Оған дәлел – «Түлкі мен қасқыр» ертегісінде *қақпан, ораза*, «Қасқыр мен егінші» ертегісінде *мылтық, егін, егінші, орақ* сөздерінің кездесуі.

Қасқыр бейнесі көне ертегілерде мифтік, тотемдік, тағылық, діни сипаты бар, оны қайсар, ержүрек, өжет, ақылды, адамға қамқор дос етіп суреттеп, еркіндік, күштілік символы ретінде бейнелейді. Ал кейінгі замандардың ертегілерінде қасқырды аңғал, ақымақ, ашкөз, жауыз етіп суреттеу басым, бұл көрші елдер мәдениетінің, шетел фольклорының элементтерінің алмасуы әсерінен болуы мүмкін.

Шетел ертегілеріндегі «қасқыр» сөзінде ұры, қорқақ, ақымақ, айлакер («Қасқыр және жеті лақ», «Қызыл телпек», «Түлкі мен қасқыр» ертегісі) коннотациялары бар. Мысалы, «Қасқыр және жеті лақ» ертегісінде: «Волку делать нечего. Пошел он в кузнецу и велел себе горло перековать, чтоб петь тоненьким голосом. Кузнец ему горло перековал. Волк опять побежал к избушке и спрятался в куст», – деген үзіндіден қасқырды қу, қорқақ, ұры екендігін байқауға болады. Қасқырдың осы бейнесі қазақ ертегілерінде де кеңінен кездеседі.

Қасқыр бейнесі кез келген халықтың әлемінің тілдік бейнесінде ерекше орын алады. Түрік, татар тілдеріндегі мақал-мәтелдерде адамның іс-әрекетінің жағымсыз сипаты «қасқыр» зоонимі арқылы беріледі. Мысалы татар тілінде: *Burenen uyлагani – burlik* (Қасқыр ойы тек ұрлық); *Bure tuyi kan belen* (Қасқырдың үйлену тойы қансыз өтпейді); *Iyese yukni bure asar* (Кімнің иесі жоқ болса, оны қасқыр жейді); түрік тілінде: *Kurttan korkan ormana girmez* (Қасқырдан қорыққан адам орманға кірмейді) деген мақал-мәтелдер «қасқыр» зоонимінің теріс коннотациясын білдіреді [14, 903].

Көріп отырғанымыздай, әр түрлі халықтардың фольклорында «қасқыр» этномәдени коннотациясы адам бойындағы белгілі бір қасиеттерді сипаттайды. Адамның психологиялық белгілерін қасқырға теңеу арқылы мәтіннің экспрессивтілігі күшейе түседі.

Сонымен, қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде «қасқыр» этномәдени коннотациясының орны ерекше екендігі, жағымды және жағымсыз реңі қатар жүретіндігі анықталды. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» зоонимінің коннотациясы кең ауқымды, әрі көпқырлы: миф / шындық, дос / қас, жыртқыш / қамқор, ержүрек / қорқақ, адал / қу, мейірімді / қатігез, ақылды / ақымақ және т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл біліміндегі қазіргі зерттеу бағыты антропоэлектік парадигма бойынша тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол адамның танымын, мәдениетін, өмірлік тәжірибесін, әлемді қабылдауын білдіреді. Осы тұрғыда тіл мен мәдениетті терең қарастыру үшін фольклорды, оның ішінде қиял-ғажайып ертегілерін тілдік тұрғыда талдап, зерттеу маңызды.

Зерттеу нысанына алынған қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясы көпқырлы, әрі кең ауқымды екендігі анықталды. Сөздердің этномәдени коннотациясы арқылы ұлттың мәдениеті, халықтың өмір салты, дүниетанымы, дәстүрлері мен тарихы көрініс табады.

Мақалада «қасқыр» зоонимінің қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі жағымды және жағымсыз этномәдени коннотациясы нақты мысалдармен сараланды, тілдік тұрғыда жан-жақты талдау жүргізілді.

Тақырыпты зерттеу барысында қазақ халқының «Сырттандар», «Қасқыр мен жігіт», «Қасқырдың қамқорлығы», «Сырттанның ажалы», «Қасқыр мен егінші», «Қасқыр неге ұлиды?», «Түлкі мен қасқыр», «Достық», «Керқұла атты Кендебай», «Бұқа мінген көкжал» және т.б. қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясы қарастырылып, талданды.

Мақалада талқыланған мәселелер бойынша келесі қорытындылар жасалды:

– эмоция мен бағадан тұратын коннотацияның теориялық негіздері қарастырылып, зерттелу тарихы зерделенді;

– қазақ халқының дүниетанымындағы, этникалық мәдениетіндегі, тарихындағы «қасқыр» зоонимінің орны ерекше екендігі анықталды;

– «қасқыр» зоонимінің қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотациясы тілдік мысалдар арқылы сараланып, лексикологиялық, этимологиялық, этнографиялық талдаулар жүргізілді;

– қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде «қасқыр» этномәдени коннотациясының жағымды, жағымсыз реңі қатар жүретіндігі айқындалды.

– көне қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясын мифтік, тотемдік, тағылық, діни сипатқа ие болады. Оны қайсар, ержүрек, өжет, ақылды, адамға қамқор дос етіп суреттеп, еркіндік, күштілік сияқты коннотациялар қосымша мағына үстемелейді. Ал кейінгі замандардың ертегілерінде қасқырды аңғал, ақымақ, ашкөз, жауыз деген жағымсыз коннотациясы жиірек кездеседі.

Фольклордың семантикалық кеңістігіндегі этномәдени коннотацияның құрылымы мен түрлерін анықтау, жүйелеу, талдау мәселелері ғылыми қызығушылық тудырады. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясын зерттеу нәтижелерін қазақ тіл білімінің лингвофольклортану, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б. жаңа бағыттарының теориялық мәселелерін тереңдете қарастыруда пайдалануға болады.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотациялар қазақ мәдениетінің, фольклорының, дүниетанымының, рухани құндылықтарының ерекшеліктері мен бірегейлігін көрсетеді. Коннотацияларды зерттеу қазақ халқының қоршаған әлемге деген көзқарасын, танымын, әлемнің тілдік бейнесін терең түсінуге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Быкова О.И. Этноконнотация мәдени коннотацияның бір түрі ретінде (неміс тілінің номинативті бірліктерінің материалында) // 10.02.19 – Тіл теориясы мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертацияның авторефераты. – Воронеж, 2005. – 42 б.
- 2 Ockham, W. Summa Logicae. – Text Series №2. New York: The Franciscan Institute St. Bonaventure, 1957. – 242 p.
- 3 Тіл білімі. Үлкен энциклопедиялық сөздік / Бас ред. В.Н. Ярцева. – 2-басылым. – М.: Үлкен Ресей энциклопедиясы, 1998. – 685 б.
- 4 Mill, J.S. A System of Logic, Ratiocinative and Inductive: being a connected view of the principles of evidence, and the methods of scientific investigation. Vol. 1. Third Edition. London, 2008. – 558 p.
- 5 Bloomfield, L. Language. Second Edition. Chicago and London: The University of Chicago Press, 1984. – 580 p.
- 6 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 548 б.

- 7 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік, Алматы: Сөздік-словарь, 2002. – 301 б.
- 8 Ахметьянов Р.Г. Татар тілінің қысқаша тарихи-этимологиялық сөздігі. – Қазан: Татар кітап баспасы, 2001. – 272 б.
- 9 Сүлейменов О.О. Атамзаманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер) / Ауд. М. Қазыбек. – Алматы: «Олжас кітапханасы» баспа үйі, 2011. – 359 б.
- 10 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
- 11 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б.
- 12 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. / Құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- 14 Galimova, G.N., Yusupova, A.S., Mugtasimova, G.R., Oner M. Cultural connotations of zoonyms in Tatar and Turkish proverbs // Journal of Research in applied linguistics. – 2019. Vol.10 (Special Issue). – P. 903-910. <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85084754041&partnerID=MN8TOARS>
- 15 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 74: Қиял–ғажайып ертегілер. – 432 б.

Материал 10.03.2025 баспаға түсті

Этнокультурная коннотация «волка» в казахских волшебных сказках

Ә.Қ. Жүнісқали¹, Г.О. Сыздыкова¹, А.Ш. Юсупова²

¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

² Казанский федеральный университет, Казань, 420008, Российская Федерация

В статье рассматривается этнокультурная коннотация зоонима «волк» в казахских волшебных сказках.

Цель научного исследования – провести всесторонний языковой анализ этнокультурной коннотации зоонима «волк» в казахских волшебных сказках. Актуальность исследования объясняется необходимостью выявления особенностей этнокультурной коннотации «волк» в казахских волшебных сказках. В статье рассмотрена история изучения и определения термина «коннотация», а также раскрыты этнокультурные особенности и историко-языковой контекст зоонима «волк» в волшебных сказках на основе конкретных примеров из сказок.

При изучении темы использовались методы сбора, систематизации, изложения, анализа, сравнения языковых данных, в результате чего были выявлены положительные и отрицательные коннотативные значения зоонима «волк». Результатом исследования является изучение этнокультурной коннотации «волк» с точки зрения языка фольклора, что способствует углубленному рассмотрению теоретических проблем новых направлений казахского языкознания: лингвофольклористики, лингвокультурологии, этнолингвистики, когнитивной лингвистики, социолингвистики и др.

Ключевые слова: коннотация, волк, фантастические сказки, этнокультурная коннотация, зооним.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Быкова О.И. Этноконнотация как вид культурной коннотации (на материале номинативных единиц немецкого языка) // автореферат диссертации на соискание ученой

- степени доктора филологических наук по специальности 10.02.19 – теория языка. – Воронеж, 2005. – 42 с.
- 2 Ockham, W. Summa Logicae. – Text Series №2. New York: The Franciscan Institute St. Bonaventure, 1957. – 242 p.
- 3 Языкознание. Большой энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. – 2-е изд. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 685 с.
- 4 Mill, J.S. A System of Logic, Ratiocinative and Inductive: being a connected view of the principles of evidence, and the methods of scientific investigation. Vol. 1. Third Edition. London, 2008. – 558 p.
- 5 Bloomfield, L. Language. Second Edition. Chicago and London: The University of Chicago Press, 1984. – 580 p.
- 6 Қалиев Ғ. Толковый словарь терминов языкознания. – Павлодар: Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, 2010. – 548 с.
- 7 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистический толковый словарь, Алматы: Сөздік-словарь, 2002. – 301 с.
- 8 Ахметьянов Р.Г. Краткий историко-этимологический словарь татарского языка. – Казань: Татарское книжное издание, 2001. – 272 с.
- 9 Сүлейменов О.О. Древние тюрки (Тюрки в доистории) / Перевод М. Қазыбек. – Алматы: Издательство «Олжас кітапханасы», 2011. – 359 с.
- 10 Традиционная система казахских этнографических категорий, понятий и названий. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 с.
- 11 Традиционная система казахских этнографических категорий, понятий и названий. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 с.
- 12 Словарь казахского литературного языка. В пятнадцати томах. 13-том / Сост. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы и др. – Алматы, 2011. – 752 с.
- 13 Словарь казахского литературного языка. В пятнадцати томах. 11-том. / Сост.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек и др. – Алматы, 2011. – 752 с.
- 14 Galimova, G.N., Yusupova, A.S., Mugtasimova, G.R., Oner M. Cultural connotations of zoonyms in Tatar and Turkish proverbs // Journal of Research in applied linguistics. – 2019. Vol.10 (Special Issue). – P. 903-910. <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85084754041&partnerID=MN8TOARS>
- 15 Слово предков: Стотомный. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 74: Волшебные сказки. – 432 с.

Материал поступил в редакцию журнала 10.03.2025

The ethnocultural connotation of the «wolf» in Kazakh fairy tales

A. Zhuniskali¹, G. Syzdykova¹, A. Yusupova²

¹ L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

² Kazan Federal University, Kazan, 420008, Russian Federation

This article explores the ethnocultural connotation of the zoonym “wolf” in Kazakh fairy tales. The primary aim of the research is to conduct a comprehensive linguistic analysis of how the image of the wolf functions within the ethnocultural framework of Kazakh folklore. The relevance of the study lies in the need to uncover culturally specific features embedded in the connotative meanings of the wolf as reflected in traditional narratives.

The article begins with an overview of the historical development and definitions of the term “connotation”, followed by an analysis of the ethnocultural and historical-linguistic dimensions of the wolf’s representation in Kazakh fairy tales. Drawing on specific textual examples, the study reveals both positive and negative connotative meanings attributed to the wolf in folk narratives.

The research employs methods of data collection, systematization, comparative analysis, and interpretation of linguistic material. The findings contribute to a deeper understanding of the symbolic and cultural significance of the wolf in Kazakh folklore and enrich the theoretical

foundations of emerging fields in Kazakh linguistics such as linguofolkloristics, linguoculturology, ethnolinguistics, cognitive linguistics, and sociolinguistics.

Key words: connotation, wolf, fantastic tales, ethnocultural connotation, zoonym.

REFERENCES

- 1 Bykova O. Etnokonnotatsiya kak vid kul'turnoy konnotatsii (na materiale nominativnykh yedinit nemetskogo yazyka) Doc. diss. [Ethnoconnotation as a type of cultural connotation (based on the material of nominative units of the German language). Doc. thesis]. Voronezh, 2005. 42 p.
- 2 Ockham, W. Summa Logicae. – Text Series №2. New York: The Franciscan Institute St. Bonaventure, 1957. – 242 p.
- 3 Yazykoznanie. Bol'shoy entsiklopedicheskiy slovar' [Linguistics. The Great Encyclopedic Dictionary] (Moscow, 1998). [in Russian]
- 4 Mill, J.S. A System of Logic, Ratiocinative and Inductive: being a connected view of the principles of evidence, and the methods of scientific investigation. Vol. 1. Third Edition. London, 2008. – 558 p.
- 5 Bloomfield, L. Language. Second Edition. Chicago and London: The University of Chicago Press, 1984. – 580 p.
- 6 Kaliyev G. Til bilimi teriminderinin sozdigi [Explanatory Dictionary of Linguistics terms] (Pavlodar, 2010). [in Kazakh]
- 7 Salkynbay A., Abakan E. Лингвистикалық түсіндірме сөздік [Linguistic Explanatory Dictionary] (Almaty, 2002). [in Kazakh]
- 8 Akhmetyanov R.G. Kratkiy istorico-etimologicheskiy slovar' tatarskogo yazyka [A short historical and etymological dictionary of the Tatar language] (Kazan, 2001). [in Russian]
- 9 Suleimenov O.O. Atamzamangy turkiler (Tarihqa deyingi turkiler) [Ancient Turks (Prehistoric Turks)] (Almaty, 2011). [in Kazakh]
- 10 Qazaqtyn etnografialyq kategoriyalar, ugimdar men ataularynyn dasturli juyesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names] Encyclopedia. Vol. 1. (Almaty, 2011). [in Kazakh]
- 11 Qazaqtyn etnografialyq kategoriyalar, ugimdar men ataularynyn dasturli juyesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names] Encyclopedia. Vol. 3. (Almaty, 2012). [in Kazakh]
- 12 Qazaq adebiy tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Vol. 13. (Almaty, 2011). [in Kazakh]
- 13 Qazaq adebiy tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. Vol. 11. (Almaty, 2011). [in Kazakh]
- 14 Galimova, G.N., Yusupova, A.S., Mugtasimova, G.R., Oner M. Cultural connotations of zoonyms in Tatar and Turkish proverbs // Journal of Research in applied linguistics. – 2019. Vol.10 (Special Issue). – P. 903-910. <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85084754041&partnerID=MN8TOARS>
- 15 Babalar sozi: Juztomdyq [Word of ancestors: Hundredthome] (Astana, 2011). Vol. 74. [in Kazakh]

Received: 10.03.2025